

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XIII сессиясының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 72 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 1350 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 489 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 09.10.2020 № 489 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Алматы қаласында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері 10 (он) есеге жоғарылатылсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XIII сессиясының
төрайымы*

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы*

Д. Нөкетаева

Қ. Қазанбаев

